ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 26 ақпан 7119-24-00-2/1369 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Техникалық шығармашылық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер "Фахрутдинова" тұлғасында Жанаайевна Евгения Фахрутдинова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. айыппұл сомасын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің "Техникалық шығармашылық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер "Фахрутдинова" тұлғасында Жанаайевна Евгения Фахрутдиноваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұл сомасын өндіру туралы талап арызы –қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "Фахрутдинова" тұлғасында Жанаайевна Евгения Фахрутдинова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер "Фахрутдинова" тұлғасында Жанаайевна Евгения Фахрутдиновадан Астана қаласы әкімдігінің "Техникалық шығармашылық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына

14 100 теңге (он төрт мың жүз) тенге айыппұл сомасы, 513 (бес жүз он үш) теңге мемлекеттік баж, 400 (төрт жүз) теңге банк комиссиясы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер "Фахрутдинова" тұлғасында Жанаайевна Евгения Фахрутдинова дан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 26.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.04.2024, судья Шамшильдин Т., 22.04.2024

7119-24-3-1/919